

# Естен кетпес отты жылдар

Ашаршылықтың куәсі болған ақсақал атамыз Өтеген Кушановтың естелігі мен ашаршылық зардабы жайында



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша «XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңдегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ көшпелілері орналасуы мен бейімделуі» атты ғылыми жоба аясында дайындалды.

Қазақ тарихындағы XX ғасырдың 30-жылдары әкелген зұлматпен шендесер қасіретті табу қиын. Әйгілі «Ақтабан шұбырынды» сыртқы жаудың басқыншылық шабуылының салдары



жазып, ол болса, күнде аулаған балығын сол ауылдың тұрғындарының бас басына жарты балықтан болсада бөліп беретін болып келіседі. Колхозды басқарып отырған басқарма елжанды азамат Қабаш Қозыбайұлы аштық жылдары ауыл тұрғындарын аштықтан аман алып қалудың амалын жасаған. Ел басына ауыр күн туған кезде ауылына қамқоршы бола білген жан.

Аштыққа ұшыраған халықтың басым бөлігі аштықтан қырылған. Бір бөлігі тоқшылық іздеп көрші облыс аймақтарына, әрісі Ресей, Орта Азия елдері Өзбекстан асқан, қашып-босып мәжүбірлі қоныс аударған.

Ашаршылық кезінде асыраушы азаматынан айырылып, жесір қалған аналарға балаларын асырау тіптен қиын болған. Ашаршылық кугерлерінің айтуынша, Қостанай аймағынан аштықтың зардабынан азық іздеп, жұмыс іздеп, Башқұртстанға босып барғандар болған. Оның бір дәлелі, жалғыз басты ана кішкентай баласымен күнін көре алмай тамақ іздеп босып Башқұртстанға барған. Башқұртстанда

болса, XX ғасырдың 30-жылдар ойраны қаскөйліктің, екі шылбыр, бір тізгінін сталинизм ұстаған шикі социализмнің, голощекиншіл ұр-тоқпақтардың «асыра сілтеп», жасыра бүркеп жүріп қолдан жасаған зобалаңдарының кесірі болатын.

XX ғасырдың басында-ақ ашаршылық деген аждаһа қазақты үш рет айналып соқты. Біріншісі, 1917-1919 жылдардың аралығында болды. Кеңес Одағы құрылуының ады-артындағы соғыс пен малының талан-таражға түсуі-көшпелі халықтың аштыққа ұшырауына себеп болған.

1918 жылдан бастап Қазақстанда шығарыла бастаған «Наша газета» басылымының 13 тамыздағы нөмірінде: «Сыр аймағында басталған аштық пен індеттің халықты қырып, қаусатып тастағанын сол кездердегі тарихи деректерден көреміз. Бір ғана 1918 жылдың өзінде «Түркістан» халқының 30 пайызы аштықтан қырылғанын» жазыпты.

Екіншісі, 1921-1922 «жұт» жылдары, Кеңес Одағы билігі тұсындағы болған құрғақшылықтан мал қырылып, қазақтар жиі қоныстанған облыстар тағы ашаршылыққа ұрынады. Ашыққандарға көмек көрсету комиссиясының төрағасы Мұхтар Әуезовтің мәліметі бойынша осы жылдардағы аштық кезінде өлгендердің саны

1 млн.700 мың адамға дейін жеткен.

Алаш арыстарының көсемі Ахмет Байтұрсынұв 20 – шы жылдардағы аштық жөнінде 1922 жылғы «Қазақ календарына» жазған «Тәні саудың-жаны сау» атты мақаласында: «Өткен қыста аштық болды. Ашыққан адамның өліктің етін жегені былай тұрсын, өлмеген тірі адамдарды малша ұрлап, малша сойып жеді. Қалаларда түн болса, көшеде жүруге болмады. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияқтандырып бұғалық салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Аштықтан адамның тәні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетті», -деп жазған.

Ал, нағыз қасапты қырғын қазақтың басына 30 жылдары келгені белгілі. 1932-1934 жылдардағы Кеңес Үкіметінің қазақ ұлтын жойып жіберу мақсатында ұйымдастырылған ашаршылығы ел басына төнген үшінші нәубет еді.

Одақ «көсемі» И.В.Сталин бастаған орталық билік Голощекинді Қазақстанға басшылыққа жіберіп «Кіші Қазан» төңкерісін ұйымдастырды. Салықшылар халықтың қолындағы бар малы мен астықты тартып алды. Кейіннен асыра сілтеушіліктің шын мәні саяси бүркемеленгенімен

бұл ашаршылық - «қызыл қырғын», «голощекиндік геноцид» деген тарихи атқа ие болды.

1932-1933 жылдардағы Кеңес Үкіметінің қазақ ұлтын жойып жіберу мақсатында ұйымдастырған ашаршылығы. Одақ басшысы Сталин бастаған орталық билік Голощекинді Қазақстанға басшылыққа жіберіп «кіші қазан» төңкерісін ұйымдастырды. Салықшылар халықтың қолындағы бар мал мен астықты тартып алды. 1929 жаздағы санақта тіркелген 40 млн-нан астам малдан 1933 жылы жазда 4 млн. бас қалған. Жеуге тамақ қаламай, ауыр апатқа ұшырап, миллиондаған адам өлді және босып, жер ауып азық іздеп, жұмыс іздеп көшіп кетті. Кеңестік Үкімет босқан халыққа көмек берудің орнына қырылуына жол берді. Қазақ халқының 60-80 пайызы аштықтан қырылып жойылып кетті.

Меңдіқара ауданы 1930 жылы желтоқсанда құрылды, орталығы – Боровское елді мекені, облыстағы ірі аудан орталықтарының бірі. Аудан Меңдіқара би атымен аталады. Меңдіқара XIX ғасырда өмір сүрген, таныл тұлға әділ де дана би болған. Аудан солтүстіктегі облыс Ресейдің Қорған облысымен шектеседі. Оның аумағы 6,61 мың шаршы шақырымды құрайды. Аштық жылдары біздің ауданымызға ауыртпалығын тигізді. XIX

ғасырдың аяғында Ресейден ауданымызға көшіп келуші қара шекпенділер ағыны келіп қоныстанды. Осы кезде Семеновка селосы құрылып, 1887 жылы Боровское болып өзгертілді. Колхоз құрылысы 1930 жылы басталды. Алғашқы ауыл шаруашылығы артелін шаруа И.Ф.Жилкин ұйымдастырады. Ұжымдастыру жылдарында ауданымызда 41 колхоз, бірнеше МТС құрылды. Ұжымдастырудың солақай саясаты, ет салығы ел халқын XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы аштыққа душар етті.

Ашаршылық жылдарының куәгерлерінің бірі - Меңдіқара ауданы Красная Пресня ауылының тұрғыны Өтеген Кушанов (1928 жылы 22 қазан айында дүниеге келген).

Атайдың айтуы бойынша, ашаршылық кездегі қиын заманда ата-анасы репрессияға ұшырап Боровской балалар үйінде (детдом) тәрбиеленген. Ашаршылық жылдары балалар үйі ақылы болғандықтан балаарға күн көріс өте қиын болған. Себебі олар сол кезде өз кір киімдерін өздері жуып, үй шаруаларын өздері атқарған. Сонымен қатар үлкендері кішкентай балаларға қамқорлық жасап бас көз болған. Олар ауыл ішінде ұрлық жасауға мәжбүр болған. Жұрттың бақшасына түсіп картоп, жеміс-жидек ұрлаған. Ұрлаған жеміс жидектерін балалар үйіне апарып азық еткен.

Ауылымыздың тұрғыны Сәулеш Кушанова, Өтеген Меңдіқара ауданы Абай ауылында дүниеге келген. Сәулеш апайдың әкесінің аузынан естіген әңгімесі бойынша сол қиыншылық кезде әкесі Қабаш Қозыбайұлы колхоздың төрағасы болған.

Сәулеш апай әкесі Қабаш ақсақалдан естіген әңгімесін де айтып берді. Қабаш Қозыбайұлы бірде жолда келе жатып жолдасының үйіне соқса, жолдасы бір балықты пісіріп жейін деп жатқан үстіне түседі. Ашыға бастаған әлгі жолдасы жалғыз балығын бөлісіп жегісі келмей ыңғайсызданып тұрғанын көрген ауыл басқармасы өзінде бар азық-түліктен шамалап бөлісіп қалдырып кетеді. Елдің аштықтан аман шығудың бір жолы балық аулау болған.

Бүгінде облыс аумағынан Тобыл және Обаған Қарғанқа өзендері ағып өтеді. Көлдердің ішіндегі ең ірілері – Теңіз, Моңғас, Балықты, Боровское және Алакөлдің балық шаруашылығы маңызы бар. Халқымызда «Өзен жағалағанның өзегі талмас» деген сөз бар. Меңдіқара ауданындағы өзен – көл балықтарын ауылатқан ауыл басқармасы Қабаш Қозыбайұлы балық аулауды да аштық кезінде дұрыс ұйымдастыра білген. Ол жөнінде ауыл басқармасы Қабаш ақсақал ауылдың балықшысына жолығып, оған күнде еңбек күнін

тұратын тұрғындардың жағдайын көріп, ол жақтан жағдайының оңалмасын білген әйел баласын алып Қостанайды бетке алып жолға шыққан. Жолда келе жатып, далада аштықтан әлсіреп жатқан кішкентай баланы тауып алады. Оның не тірі не өлі екенін білмей, баланың аузына су құйып, қалтасынан бір үзім нан алып, шайнаған нанды баланың аузына салған сәтте, бала есін жиып көзін ашады. Баланы тастап кетуге қимай аяштылық танытып өзінің құшағына алып, баласын жетектеп алға қарай жүре берді. Көп ұзамай қолы талып, жетектеп келе жатқан баласы шаршап, қарындары ашып тоқтап демалып алмақшы болады. Сөйтсе артында бір топ адам келе жатқанын байқайды. Оларды көрген әйелге таңдау жасауға тура келді. Шамасы келмеген сөз өз баласын алып, даладан тауып алған баланы тастап қашып адам жегіш аштардан қашып құтылып кетуге мәжбүр болады. Сол арада әлгі бір топ адам балаға жеткен соң оны жұмалап жатқанын көріп өз баласымен қашып құтылған. Осындай ауыр күндерді бастан кешкен кейуана бұл оқиғаны әлі күнге дейін ұмыта алмай-тынын айтқан.

**Өтеген ИСЕНОВ,**  
**тарих ғылымдарының**  
**кандидаты, профессор.**  
**Ақтоты Сатыбалдина,**  
**Ахмет Байтұрсынұв**  
**атындағы өңірлік**  
**университетінің 1 курс**  
**студенті.**